

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**PHYSICO-MATHEMATICAL SERIES**

ISSN 1991-346X

Volume 6, Number 298 (2014), 44 – 48

## **TEACHING IN HIGHER EDUCATIONAL ESTABLISHMENTS BY MEANS OF COREL DRAW**

**S. N. Isabayeva, N. B. Duisenova**

Kazakh state women's pedagogical university, Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: duisenovanur@mail.ru

**Key words:** instruments of Corel Draw, graphic design, cloning, vector graphics, three sizes of chart.

**Abstract.** In this article the use of the program, vectorial technological possibilities of graphic arts of Corel Draw for planning of figures, layouts and pictures by the use of instruments of this program, are considered.

ӘӨЖ 002.6:37.016

## **COREL DRAW ВЕКТОРЛЫҚ ГРАФИКАСЫНЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МУМКІНДІКТЕРИ**

**С. Н. Исадаева, Н. Б. Дүйсенова**

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

**Тірек сөздер:** Corel Draw құралдары, графикалық дизайн, клондау, векторлық графика, үш өлшемді графика.

**Аннотация.** Макалада жоғары оқу орнында оқытуудың векторлық графикада қаралайым геометриялық фигуралардан яғни сызық, қисық сызық, шенбер және тағы да басқалардан құралады. Corel Draw-мен иллюстрациялар, макеттер мен суреттер салу және оларды өңдеу оңдай келтірілген.

Бұғынгі таңдағы компьютерлік дизайн саласында Corel Draw пакеті қуатты құралдарымен, графикалық дизайнның киын тапсырмаларын оңайлататын сан түрлі эффектері және үш өлшемді графикасымен ерекшеленеді. Corel Draw құрамына кіретін тамаша ойластырылған жарықтылық, ынғайлыштылық және женіл игерілетін интерфейс қабилетіне ие. Corel Draw-мен иллюстрациялар, макеттер мен суреттер салу және оларды өңдеу оңайлатылды. Компьютер суретші қиялында пайдаланылады. Болған әртүрлі бейнелерді, кеңейтілген тапсырмаларды жасауға мүмкіндік туғызады. Компьютерлік графика бейнелену тәсіліне байланысты векторлық, растрлық және фракталдық графика болып белгінеді. Corel Draw графикалық редакторы векторлық бейнелену тәсіліне жатады.

Векторлық графикада бейне қаралайым геометриялық фигуралардан яғни сызық, қисық, қисық сызық, шенбер және тағы да басқалардан құралады. Эрбір элемент компьютер жадысында математикалық формула түрінде сақталынады.

Таңдау құралы. Таңдау құралы – ең маңызды құралдардың бірі. Алдыңғы айтылған операциялар осы құрал арқылы орындалады. Белгілеу дегеніміз объектінің таңдау құралымен үстінен бір рет шертү. Жылжыту таңдау құралымен объектінің үстінен басып тұрып керекті жерге апаралыз. Өлшемін ұзарту-қысқарту объектінің шеткі маркерлерін тарту не қысу арқылы орындалады. Объектінің қисайту арқылы объектінің айналдыру, қисайту, осыке қарағанда айналдыру операцияларын орындаиды. Өшіру – таңдау құралымен белгіленген объектіні Delete пернесін басу арқылы жүзеге асырылады. Көшірмесін алудың бірнеше түрі бар: 1) жылжыту кезінде тышқанның оң

жағын шертсе; 2) жылжыту кезінде бос орын (пробел) пернесін басу арқылы; 3) объектіні белгілеп + пернесін (цифрлық бөлігіндегі) басса; 4) қосарлау арқылы Ctrl+D пернесін басса көшірмесі пайда болады. Клондау – көшірме алудың ең қызықты түрі. Белгіленген объектіні Тұзету – Клондау (Редактировать – Клонировать) арқылы клондасақ, көшірмесі шығады. Егер клондаған объектіні өзгертсек, клон көшірмелеріде өзгереді.

Базалық фигуralар Құралдар жиынында орналасқан. Құралдарды таңдау, құралдар жиынынан белгілеу немесе тышқанның он жақ батырмасын шертіп объектіні жасау – құрал командасы арқылы орындалады.

Тіктөртбұрыш. Тіктөртбұрышты таңдал, бір тәбесін тышқанды шертіп белгіле жібермей диагональ арқылы қарама – қарсы тәбесін көрсетіп тышқанды жібереміз.

Үш нұктелі тіктөртбұрыш. Үш нұктелі тіктөртбұрыш салу үшін бірінші бір тәбесін белгілеп сол арқылы тіктөртбұрыштың бір қабырғасын саламыз, тышқанды жібергеннен кейін биіктігін көрсету арқылы төртбұрышты салуды бітіреміз.

Эллипс. Тышқанды бір шертіп жібермей, қалаған жаққа қарай тартсақ салынатын эллипстің пішіні (контур) көрінеді, тышқанды жіберсек келтірлген формаға келеді. Үш нұктелі эллипс. Үш нұктелі эллипс үш нұктелі тіктөртбұрышты салғандай етіп салады.

Көпбұрыш. Көпбұрыш салу тіктөртбұрыш салғандай онай. Қасиеттік тақтада бұрыштар санын, көпбұрыштың немесе жұлдыздық режимін және бұрыштардың сүйрленуін көрсетуге болады. Көпбұрыш арқылы 3-тен 500 бұрышты көпбұрыш салуға болады. Corel Draw-да көпбұрыштар және жұлдыздар үш түрге бөлінеді:

1. Көпбұрыштар.
2. Жұлдыздар (көпбұрышты жұлдыздар формасында).
3. «Қыын» жұлдыздар – бұлар диагоналдары көрінетін, қарама-қарсы биіктіктері қосылған жұлдыздар.

Спираль. Спираль салынғаннан кейін қасиеттік тақтада орама санын, симметриялық немесе логарифмдік спираль қылып өзгертуге болады.

Автофигуралар. Автофигуралар – бұл динамикалық объектілер. Автофигуралардың сырт көрінісінің бір немесе бірнеше контрольдық нұктелер (маркерлер) арқылы өзгертуге болады.

Тұзу салу құралдары. Тұзу салу құралдары – қисық (свободная рука), безье қисығы, көркемдік тұзу (живопись), қылқалам (перо), сынық (ломаной). Үш нұктелі қисық, өлшемдік және интерактивті тұзу қосқыш (инструмент интерактивного соединения) құралдары.

Тұзу салу құралдарының мақсаты бір болсада, қолданатын жері мен қолдану ережелері әртүрлі. Барлық тұзу тышқанды шертіп жібермей сзылады. Бұл құралдардың кейбірі бірнеше құралдардан тұрады. Төменде кейбір бір-біріне ұқастығы бар құралдарға сипаттама берілген.

Қисық және сынық құралдары. Екеуі де қисық сзызық немесе тұзу сзызық сзызуға көмектеседі. Екеуінің айырмашылығы Қисық құралмен тұзудің басын тышқанды шерту арқылы бастапқы нұктесін белгілеп жібермей соңғы нұктесінде тышқанды жіберсек, тұзуді сол жерде үзіп аламыз.

Ал Сынық құралында тұзудің соңғы нұктесінде тұзу үзілмейді, жалғасып сзыла береді, үзу үшін екі рет шерту керек. Екеуінің де қасиеттік тақтасы бір деуге болады.

Үшнұктелі қисық құрал. Тышқан арқылы тұзудің бастапқы нұктесін көрсетіп тышқанды жібермей соңғы нұктесін көрсеткеннен кейін тышқанды қозғау арқылы керек қисықты аламыз.

Безье қисығы және қылқалам құралдары. Бұл екеуіде дәл қисықтарды салуға арналған. Бірақ Безье қисығы құралмен қисықты үлкен дәлдікпен салуға болады.

Осы екі құралмен салынған қисықтар түйіндерден тұрады. Түйіндерді қозғау арқылы қисықты қисайтуға болады. Түйіндермен жұмыста форма құралы арқылы жүзеге асырылады. Қасиеттік тақтадағы түйіндермен жұмыс батырмалармен керек қисықты аламыз.

Өлшемдік құрал. Өлшемдік құрал инженерия, архитектура, электромеханика және тағы басқа салаларда жұмыс істейтіндерге қажет. Қасиеттік тақтаны пайдаланып, объектінің ұзындығын, енін, бұрыш және тағы басқаларының өлшемдерін көрсетуге болады.

Интерактивті тұзу қосқыш құралы. Бұл құрал блок-схема, ғылыми және техникалық диаграмма сзызуға арналған.

Жиектеу қаламы құралы. Жиектеу қаламы құралынан бұрын фигураның жиегі (обводка) туралы бір-екі сөз жазсақ. Әрбір фигураның жиегінің түсі, қалындығы, стилі болады. Оларды басқару (өзгерту) қасиеттік тақтада орындалады.

Мұнда объектіге қолданылған өзгерістерді бірден көре аламыз. Ал жиектеу қаламының сұхбат терезесінде жасалған өзгерістерді ОК батырмасы арқылы бекітеміз. Жиектеу қаламының сұхбат терезесінде жиектің түрін, түсін, қалындығын, бұрышын және тағы басқаларын өзгерте аламыз. Жиектеу қаламының сұхбат терезесі. Жиектеу қаламы құралының жиынында жиектеу түсі сұхбат терезесі, жиектеу қаламының сұхбат терезесі, 7 дайын жиек және тағы басқалары бар.

Пышақ құралы. Бұл құрал объектінің кесіп тастауға арналған. Егер құралдың қасиеттік тақтасында киодан кейін автотұйықталу (автоматическое замыкание при отрезании) батырмасы басылса, кесілген объект тұйықталады. Ал бір объект қылып сактау батырмасы басылса, объект екі бөлек фигуralардан тұратын болады.

Өшіргіш құралы. Өшіргіш суреттің керек емес жерін интерактивті өшіруге арналған. Құралдың қасиетті тақтасында өшіргіш диаметрін, формасын және тағы басқаларын өзертуге болады.

Езгіш бояу құралы. Езгіш бояу арқылы фигураның жиегін өзертуге, ашып айтқанда езіліп жатқан сияқты қылып көрсетуге болады. Құралдың қасиеттік тақтасында езгіш бояу қалындығын, интенсивтілігін және тағы басқаларын көрсетуге болады.

Еркін өзертүші құралы. Бір қарағанда таңдау құралы мен еркін өзертүші құралы айырмашылығы жоқ сияқты. Бірақ еркін өзертүші құралы қасиеттік тақта мен трансформация жасырма терезені пайдаланып үлкен дәлдікке кол жеткіземіз.

Маштаб және Қол құралдары. Бұл құралдар параптагы объектілерді қарауға, бағдарлауға және маштабты үлкейту- кішірейтуге арналған.

Мәтінді өндеде және әр мақсатта қолдануға болады. Мәтін – жарнамалық плакат, логотип, буклеттердің бөлінбес бөлігі және дизайнерлік жұмыстарда қажет. Мәтіндік құралдар логотип жасауда қарапайым әрі ынғайлы бола отырып, құжат жасауда мәтіндік құралдардың қуатты дамығандығын көруге болады.

Құйма (заливка) фигураның ішкі ауданын белгілі бір түске бояуға, әр түсті түске, өтпелі қылуға (градиенттеуге), өрнектеуге (узор), текстурлеуге арналған. Құралдар I жиынынан Интерактивті құйманы таңдаймыз.

Қасиеттік тақтадан құйманың түрін таңдаймыз. Мынадай құйма түрлері бар:

Біртекті (однородный) құйма - өңдей бір түспен құйылады. Қасиеттік тақтада палитра мен түстік модельдерді таңдалап, түстердің пайыздық қатынастарын көлтіреміз.

Өтпелі құйма екі не бірнеше түстін бір-біріне өтуіндегі түстер жиыны. Мұнда сызықтық, радиальдық, конустық, квадарнтық дайындаларда түстердің ауысуын пайдалануға болады.

Өрнектік құйма белгілі бір ретпен орналасқан өрнектердің (шенбер, тіктөртбұрыш, сызық және тағы басқа әртүрлі фигуralар) жиыны. Өрнектік құйманың әрқайсысының атрибуттарын өзертуге болатын 3 түрлі құйма: екі түсті, толық түсті, растрлық өрнек деген түрлері бар.

Текстуралық құйма дайын текстураны пайдалануға арналған. Бірақ текстуралардың пайыздық қатынастарын, түстерін өзертуге арқылы жаңа текстура алуға болады.

Постскрип құймасы. Бұл құйма текстуралы және өрнектік құймаларға ұқсас.

Алдында айтылған құйма түрлерінде қолданушы өзінің құймасын қосуға, яғни сақтауға болады. Ол жапсырма терезеде “+” батырмасы арқылы немесе басқа жолдармен де сақталады.

Құралдар жиынындағы құймамен жұмыс үшін екінші құйма құралы бар. Бұл құйманың алдынғы құймадан айырмашылығы таңдалған құйма түрінің қасиеттерін бөлек сұхбат терезеде өзгертеді және де объектінің қасиеттік жапсырма терезесінен құйманы өзертуге болады.

Торлама құйма құралы объектінің бөлшектеп, әр жеріне әртүрлі түс беру үшін арналған. Тор ең көп дегенде 50 ұшықтан (тік немесе көлденен санағанда) тұрады. Тор сызықтарында орналасқан түйіндерді немесе қылышы түйіндерін белгілеп, түстер палитрасынан керек түстермен “бояу” арқылы керекті құйманы аламыз.

Түстермен жұмыс. Corel Draw-да түстермен жұмыс кен дамыған. Өте қуатты түстермен жұмыс істеу құралдары түсті таңдау және оны анықтау және олармен жұмыс істегендегі үлкен мүмкіндіктер береді. Терезе-Түстер палитрасы-(керекті түс моделі) немесе Терезе-Докерлер-Түс командалары арқылы жапсырма терезеден түс моделіндегі түстердің пайыздық қатынастарын көлтіруге және таңдалынған түсті жиекке немесе құймаға пайдалануға болады.

Түстермен жұмыста объектінің дайын құймасын басқа объектіге қолдану үшін тамызғыш және түс банкасы құралдары қолайлы. Осы жұмысты орындау үшін: Тамызғыш арқылы объектіден

көрек түсті үстінен бір басқанда қалып-күй қатарында тұс үлгісі пайда болады, Shift пернесін басып тұрып – Тұс банкасын таңдал керекті объектінің үстіне шерту арқылы құямыз.

Илткіш эффектісі. Интерактивті илткіш (интерактивная огибающая) құралы фигураны пішіні тілтен басқа фигураға айналдырады. Илткіш құралын таңдағаннан кейін белгіленген фигура жиегінде қызыл үзік сыйықты тік төртбұрыш пайда болады.

Сондағы түйіндерді созу немесе керу арқылы керегінше илтеміз. Қасиеттік тақтада орналасқан дайын илткіш формаларды пайдаланып әртүрлі формалар алуға болады. Илткіш құралының эффекттері барлық объектілерге қолдануға болады. Егер қолданушыға илткіш құралымен жұмыс қыын болса, онда дайын фигураның ілуін пайданылады. Ол үшін қасиеттік тақтадағы “иілуді мынадан жасау” (создать контур из...) батырмасын қолданады. Бірінші илдетін фигураны илткіш құралмен белгілеп, “иілуді мынадан жасау” батырмасын басып, бағыттауышымен ілу формасы керек фигураны бассаныз жеткілікті. Ал дайын ілу формасын басқа фигураға қолдану үшін “иілуді қасиеттерін көшіру” батырмасын қолданылады. Ол үшін илткіш құралымен дайын ілу формасын белгілеп, “Иілуді қасиеттерін көшіру” батырмасын басқаннан кейін бағыттауышымен керекті фигураны белгілесек, керекті фигура дайын ілу формасын қабылдайды.

Деформация эффектісі. Деформация эффектісі көбінесе табиғат объектілерін ұқсатып салуға қолданылады. Интерактивті деформация құралы 3 режимде: итер-тарт, зигзаг, айландыру бола алады. Бұл режимдер кезінде қасиеттік тақтада деформацияның амплитудасын, жиілігін және тағы басқаларын келтіруге болады.

Барлық режимде деформацияланған фигураның интерактивті маркерлерін қозғау арқылы сан түрлі пішіндер алуға болады.

Ағымдану және ореал – барлық эффектердің ішіндегі ең күштісі. Интерактивті ағымдану құралы. Ағымдану (перетекание) эффектісімен аралық объектілерді алуға болады.

Белгіленген екі объектіден аралық объектілерді алу үшін бірінші объектінің интерактивті ағымдану құралымен белгілеп екінші объектіге барып шертеміз, сонда керекті фигура пайда болады. Қасиеттік тақтадағы қасиеттерін (қадам саны және тағы басқа) өзгерту арқылы және өтпелі тұс беру арқылы эффектіні күштейтуге болады.

Интерактивті ореал құралы. Бұл да объектінің тұс терендігін көрсетуге арналған құрал. Интерактивті ореал құралы режимінде кез-келген объектіні таңдал, қасиеттік тақтада ореал бағытын ішке, сыртқа, центрге өзгертип, интерактивті маркерлерді созу немесе қысу арқылы, қадамды азайту немесе көбейту арқылы керекті форманы аламыз. Сонан соң тұс ауысуын пайдаланамыз.

Линза эффектісі. Линза эффектісі барлық Corel Draw X3-тің векторлық объектілеріне қолданылады. Линза эффектісін пайдалану үшін Эффектер- линза командасын орындалап, ашылған тереңзеден линзаны таңдау керек. Алдын ала көру арқылы керекті эффектіні таңдаған соң қолдансын (применить) батырмасын басамыз.

Терендікті көрсетеу (имитация глубины) – суретті қызықты да, тартымды стіп көрсетеңін қарапайым әдіс. Интерактифті көлеңке құралы арқылы көлеңке көрсетіледі.

Құралдың қасиеттік тақтасын пайдалана отырып: көлеңкенің орналасуын, тұсін, мөлдірлік коэффицентін және тағы басқа келтіру арқылы «тірі» сурет алуға болады. Көлеңке жиегін шаю арқылы сурет әсерлілірек көрінеді.

Фигуралық кима эффектісін пайдалану үшін Эффект- Фигуралық кима – Контеинерге орналастыру командасын орындалап, қарайған тышқан белгісімен контеинерді көрсетеміз немесе керекті объектіні Таңдау режимінде тышқаның он жағын басып жылжытып контеинерге апарып жібергенде, пайда болған контекстік мәзірден контеинерге орналастыру командасын орындауға болады. Ең ұтымдысы қалыптастыру жасырма терезесін пайдалану.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Тайц А., Тайц А. Эффективная работа с Corel Draw. – СПб.: Питер, 2001. – 688 с.
- [2] Булянича Т. Дизайн на компьютере. – СПб.: Питер, 2003. – 320 с.
- [3] Кострова Л.А. Методика выполнения курсовых и дипломных работ с помощью компьютерных графических редакторов. – КазГАСА, 2004. – 52 с.
- [4] Журкабаева А.Б. Методика вывода на печать графических изображений в программах Corel Draw и Photoshop. – КазГАСА, 2005. – 16 с.

**REFERENCES**

- [1] Tajc A., Tajc A. Jeffektivnaja rabota s Corel Draw. SPb.: Piter, 2001. 688 s.
- [2] Buljanica T. Dizajn na kompjutere. SPb.: Piter, 2003. 320 s.
- [3] Kostrova L.A. Metodika vypolnenija kursovyh i diplomnyh rabot s pomoshchju kompjuternyh graficheskikh redaktorov. KazGASA, 2004. 52 s.
- [4] Zhurkabaeva A.B. Metodika vyyoda na pechat' graficheskikh izobrazhenij v programmah Corel Draw i Photoshop. KazGASA, 2005. 16 s.

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ВЕКТОРНОЙ ГРАФИКИ Corel Draw**

**С. Н. Исабаева, Н. Б. Дүйсенова**

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

**Ключевые слова:** инструменты Corel Draw, графический дизайн, клонирование, векторная графика, три размера графика.

**Аннотация.** В статье рассматривается использование программы векторные технологические возможности графики Corel Draw для проектирование фигур, макеты и рисунки использованием инструментов этой программы.

*Поступила 26.11.2014 г.*